

"Мемлекеттік сатып алушы бірынғай мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2024 жылғы 10 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 қаңтарда № 33902 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік сатып алушы бірынғай мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18120 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрі
2024 жылғы 10 қаңтардағы
№ 6 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1127 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік сатып алушы республикалық манзызы бар бірыңғай мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

p/c №	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	тапсырыс берушілер орталық атқаруышы және өзгеде орталық мемлекеттік органдар (ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, республикалық заңды тұлғалар, сондай-ак дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар) болып табылатын конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лот сомасының республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген сегіз мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асқан кездегі тауарлар
2	Жұмыстар:
2.1	тапсырыс берушілер орталық атқаруышы және өзгеде орталық мемлекеттік органдар (ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, республикалық заңды тұлғалар, сондай-ак дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар) болып табылатын конкурс өткізуге бөлінген лот сомасының республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жиырма мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асқан кездегі жұмыстар
3	Көрсетілетін қызметтер:
3.1	тапсырыс берушілер орталық атқаруышы және өзгеде орталық мемлекеттік органдар (ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, республикалық заңды тұлғалар, сондай-ак дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар) болып табылатын конкурс өткізуге бөлінген лот сомасының республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жиырма мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асқан кездегі көрсетілетін қызметтер

Ескертпе:

* Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесі, оның ведомстволары және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуларды қоспағанда, электрондық сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуга қолданылады;

Бірыңғай ұйымдастыруши мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін нысаналы даму трансфертерін, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды сатып алуды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс және негізdemelіk келісімдер пайдаланылатын конкурс тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуды қоспағанда жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрі
2024 жылғы 10 қаңтардағы
№ 6 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1127 бұйрығына
2-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды облыстық бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

p/c №	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары тапсырыс берушілер болып табылатын конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар
1.2	тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылатын респубикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың

		еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі тауарлар
2		Жұмыстар:
2.1		облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары тапсырыс берушілер болып табылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар (2.4-тармақта көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.2		тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылатын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі жұмыстар (2.3-тармақта көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.3		тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген торт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асатын жобалау-сметалық құжаттаманы және (немесе) техникалық-экономикалық негізденмені әзірлеу
2.4		облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу мен оларды күтіп-ұстай
3		Көрсетілетін қызметтер
3.1		облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары тапсырыс берушілер болып табылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын қызметтер (3.3-тармақта көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда)
3.2		тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылатын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс

	өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі көрсетілетін қызметтер (3.3-тармақта көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда)
3.3	осы Тізбенің 2.1, 2.2 және 2.4-тармақтарына сәйкес мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар бойынша инжинирингтік қызметтер (техникалық қадағалау және жобаларды басқару жөніндегі қызметтер)

Ескертпе:

* Осы Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруды және өткізуді облыс, облыс ауданы, облыстық маңызы бар қала, облыстық мәні бар қаладағы ауданың тиісті әкімдігіне ведомствоның бағынысты тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушылары жүзеге асырады (оның ішінде облыстық және аудандық коммуналдық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар);

Осы Тізбенің 1.1, 2.1 және 3.1-тармақтарында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері және олардың ведомствоның бағынысты ұйымдары мен мекемелері үшін респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кезде мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар жүзеге асырады;

Осы Тізбеле енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша тапсырыс берушімен бірлескен конкурстық комиссияларды (аукциондық комиссияларды) құру арқылы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы осындай мемлекеттік сатып алуды өткізумен келіскең жағдайда орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғага жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды сатып алуды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс және негізdemelіk келісімдер пайдаланылатын конкурс тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуды қоспағанда, электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.

2024 жылғы 10 кантардағы

№ 6 бүйріғына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1127 бүйріғына

3-қосымша

Мемлекеттік сатып алушы республикалық маңызы бар қалалар мен астананың бірынғай мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушысы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

p/c №	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс/ аукцион өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі тауарлар
2	Жұмыстар:
2.1	республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі жұмыстар (2.2-тармақта көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.2	жылдық көлемі құндық шамада республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі жобалау-сметалық құжаттаманы және (немесе) техникалық-экономикалық негізденмені әзірлеу
3	Көрсетілетін қызметтер
3.1	республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі көрсетілетін қызметтер (3.2-тармақта көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда)
3.2	республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асатын инженерингтік қызметтер (техникалық қадағалау және жобаларды басқару жөніндегі қызметтер)

Ескертпе:

* Осы Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруды және өткізуді тиісті республикалық маңызы

бар қала мен астананың тиісті әкімдігіне ведомствоның баптырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар жүзеге асырады (оның ішінде коммуналдық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар);

Осы Тізбеке енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша тапсырыс берушімен бірлескен конкурстық комиссияларды (аукциондық комиссияларды) құру арқылы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастыруши осындай мемлекеттік сатып алуды өткізумен келіскең жағдайда орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғага жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды сатып алуды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс және негіздемелік келісімдер пайдаланылатын конкурс тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуды қоспағанда, электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары -

Қаржы министрі

2024 жылғы 10 қантардағы

№ 6 бүйрігіна

4-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1127 бүйрігіна

4-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды облыс ауданы, облыстық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

p/c №	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лоттың сомасы респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тауарлар
2	Жұмыстар:
	конкурс өткізуге бөлінген лоттың сомасы респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы

2.1	жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын жұмыстар (2.2 және 2.3-тармактарда көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.2	конкурс өткізуге бөлінген лоттың сомасы респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын жобалау-сметалық құжаттаманы және (немесе) техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу
2.3	аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін орташа және ағымдағы жөндеу мен оларды күтіп-ұстау
3	Көрсетілетін қызметтер
3.1	конкурс өткізуге бөлінген лоттың сомасы респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын қызметтер (3.2-тармакта көзделген қызметтерді қоспағанда)
3.2	осы Тізбенің 2.1 және 2.3-тармактарына сәйкес мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар бойынша инженерингтік қызметтер (техникалық қадағалау және жобаларды басқару жөніндегі қызметтер)

Ескертпе:

* Осы Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруды және өткізуді облыс ауданы, облыстық маңызы бар қала, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның тиісті әкімдігінің ведомствоның бағынысты тапсырыс берушілері үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушылары жүзеге асырады (оның ішінде аудандық коммуналдық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар);

Осы Тізбенің 1.1, 2.1, 2.2 және 3.1-тармактарында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушылары облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері және олардың ведомствоның бағыныстағы ұйымдары мен мекемелері үшін жүзеге асырады;

Осы Тізбеле енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша тапсырыс берушімен бірлескен конкурстық комиссияларды (аукциондық комиссияларды) құру арқылы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастыруши осындай мемлекеттік сатып алуды өткізумен келіскең жағдайда орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғага

жеке меншік құқығымен тиесілі түрғынжайды сатып алуды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс және негізdemелік келісімдер пайдаланылатын конкурс тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуды қоспағанда, электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК